«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

100003, Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, город Караганда, ул. Абая, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

27.05.2021. № 4-5/2781

«Центр проект строй» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 12 мамырдағы № 102963 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымыңыз негізінде "Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесімен өткізілген № 5677566-3 электронды мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізді.

2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434 ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптары қойылады.

Осылай, конкурстық құжаттаманың 1-3 қосымшасында сәйкес әлеуетті өнім берушілерге қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылған (2-х частотный GPS – 2 дана, тахеометр – 1 дана).

Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы деп танылған), егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшаның "біліктілік туралы мәліметтер" талаптарына сәйкес ашық конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушілер 5-тармақта еңбек ресурстарының болуы туралы мәліметтерді көрсетеді және біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растап, мамандардың жеке куәлігімен біліктілігі туралы құжаттарды ұсынады. Сонымен бірге, мамандардың бұйрықтары және еңбек кітапшалары біліктілігін растайтын құжатқа жатпайды.

Осылайша, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттарын камералдық бақылау нәтижелері бойынша, "КОСНАР" ЖШС және "ZEM PROект" ЖШС әлеуетті өнім берушілердің біліктілігі туралы мәліметтерде ұсынылған мамандардың жеке куәліктері салынбаған.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшаның талаптарына сәйкес ашық конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушілер 4 тармақта жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер толтырып, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін (меншік құқығын растайтын) салады. Сонымен бірге, салыстырып тексеру туралы сертификаттар меншік құқығын растайтын құжатқа жатпайды.

Осылайша, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттарын камералдық бақылау нәтижелері бойынша келесі сәйкессіздіктер орын алды, атап айтқанда "Орталық Жер" ЖШС және "Atasu-Geozem" ЖШС біліктілігі туралы мәліметтерде ұсынылған материалдық ресурстарға меншік құқығын растайтын құжаттар қосылмаған.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді ескере отырып, "КОСНАР" ЖШС, "ZEM PROект" ЖШС, "Орталық Жер" ЖШС және "Atasu-Geozem" ЖШС әлеуетті өнім берушілер, Қағидалардың 150 тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Осыған байланысты, Департамент ұйымдастырушы "Жаңаарқа ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" ММ, № 5677566-3 ашық конкурсты камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберді.

Сонымен қатар, "AKA PROJECT" ЖШС және "GEO BALANS" ЖШС әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттарын камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына және 14-бабының 6 тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы 9-тармағында, көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **М. Байдурин**

Орын. А.Қабдрашев
Тел.: 8 (7212) 42 55 80